

## **Квест «Кітаппен серуен»**

Ұлттық әдебиет және  
өлкетану орталығының  
кітапханашысы:

**Кабдолова П.С.**

## **1-СЛАЙД. Квест «Кітаппен серуен»**

### **Жүргізуші:**

Сәлеметсіздер ме? «Кітаппен серуен» атты кітапханалық квестке қош келдіңіздер!

Квест дегеніміз не?

**2-СЛАЙД. 1) Квест** – ағылшын тілінен аударғанда «іздеу» немесе «оқиға» дегенді білдіреді. Кез келген оқиғаны іске асыруда іздену арқылы жүзеге асыратын ойын, тапсырмалар.

**2) Кітапханалық квест** – бұл кітапханамен және оның қорымен (шарттарымен) кітапхана аумағында немесе мекемесінде толық танысу жұмыстары.

### **3-СЛАЙД. 1) Мақсаты:**

Келесі тапсырмаға өтуге көмектесетін жауап табу.

**2) Шарты:** Барлық тапсырманы орындауда ережені сақтай отырып, әділ ойнау.

## **4-СЛАЙД. «ТОҚТА, GPS КІТАБЫ!»**

**1) GPS Кітап** қала көшесін ай сайын аралайды.

**2) Кез келген адам «ТОҚТА, GPS КІТАБЫ!» Жобасына** қатысып, бізбен бірге саяхат жасай алады.

**3) Сонымен қатар сүйікті қаламыздың түрлі құпияларын, көшелері жайлы аңыздарын біліп, осыған дейін ашпаған беттерімен танысуларына болады.**

Біз бүгін қала көшелеріне ерекше саяхат жасаймыз. Әр аялдамада біздің жүру бағытымызды анықтауға көмектесетін түрлі деңгейдегі әр түрлі тапсырмаларды орындайтын боламыз.

**5-СЛАЙД.** - Сонымен, достар, алдымызда жолымызды анықтауға арналған аялдамалар көрсетілген маршруттық карта.

## 1. «Бастау»

Жүргізуші:

- Бірінші тапсырманы орындай отырып, автокөлік бізді қайда апаратынын білетін боламыз.
- Тапсырма екі бөлімнен тұрады.

### 6-СЛАЙД. №1 тапсырма. 1-бөлім.

- 1) Шатасқан әріптердің арасынан 8 атақты адамның тегін тап.
- 2) ЦУКҚҰНАНБАЕВЕНИНФЫПУШКИНДЖЭЯЧСМИТЬҚАЙС  
ЕНОВБГАЙДАРЮЙЦУКЕНЗХЪФЫВСҮЛЕЙМЕНОВАПЛОГ  
ИТЬБОЛГДЙЦУКБЛНГШЩЗХЪФЫДРӘУЕЗОВПРОЛДЖЭЯ  
ЕРРОЛНРОШОНЧСМИБЫКОВЛДШГОРЕПАКУВБОААГДТ  
СЛАВСКИЙЮД

Жүргізуші:

Жарайсыздар, бірінші тапсырманы жақсы орындадыңыздар!  
Екінші бөлім сұрағы: алдарыңызда берілген суреттер арқылы жазушыны табуымыз керек. Сонда біздің жол жүру бағытымыздағы бірінші аялдаманың аты шығады.

### 7-СЛАЙД. 1-тапсырма. 2-бөлім.

Алдарыңызда белгілі бір жазушыны анықтайтын суреттер берілген. Қай жазушыға тиесілі заттар? 1, 2, 3



8-СЛАЙД. 1) Жауабы: А:С Пушкин (бекет – Пушкин атындағы кітапхана)

Жүргізуші: Мінеки, тапсырманы сәтті орындадық – енді Пушкин кітапханасына жол тарттық.

## 2. «Пушкин»

Жүргізуші: 2, 3

- Біз қазір кітапхана қасындағы ақынға арналып салынған А.С.Пушкин ескерткішінің жанындамыз. Миымызды ширату мақсатында, жазушылардың аты-жөніндерін тауып, кітапхана сөрелерінде қандай шығармалары сақталғанын еске түсірсек.

### **9-СЛАЙД. 1) Ширату. «Тап, кімнің портреті?»**

- Қанеки, жазушының атын ғана емес, кітапхана сөресінде қандай шығармалары сақталған екен және де алдымыздағы кімнің портреті екенін табайық!
- Конверттің ішінде 4 бөлікке бөлінген портреттер жатыр. Сіздерге тапсырма: бөліктерді құрастырғанда кімнің портреті шыққанын табу.

**2) Жауабы:** Ж.Жабаев, Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Ш.Құдайбердіұлы, Б.Соқпақбаев, С.Сейфуллин.

**Жүргізуші:** Жарайсыз, өте жақсы шештіңіздер! Ал енді логикамызды іске қоса отырып, жолымыздағы екінші бағытты білетін боламыз.

**10-СЛАЙД. 1) № 2 тапсырма. Квестің бұл аялдамасында жазушының өмірбаянына қарап, кім туралы айтылғанын анықтау.**

### **2) Өмірбаяннан деректер:**

- 1) Ол 1918ж. 23 сәуірде дүниеге келген.
- 2) Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы.
- 3) А.Фадеев атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты.
- 4) Қазақстан жазушысы, Ұлы Отан соғысының ардагері.
- 5) Украина, Молдавия, Чехославакия, Румыния аймақтарындағы партизан қозғалыстарына қатысқан. «Вася» деген атпен танымал.


**Жауабы: Қасым Қайсенов (Қ.Қайсенов ескерткіші аялдамасы)**

**11-СЛАЙД. 1, 2, 3 Жүргізуші:** Жарайсыздар! Бұл әрине ҰОС қаһарманы, партизан жазушы Қ.Қайсенов. Міне, біз батыр ескерткішімен аталған көшедегі – үшінші аялдамаға бет бұрдық.

### **12-СЛАЙД. 1) Ширату «Миыңды іске қос»**

**Жүргізуші:** Алдарыңызда белгілі бір шығармаға байланысты суреттер берілген. Қандай шығарма, авторы кім?

2) **Мысалы:** О.Сүлейменов «Адамға табын, жер енді!»



13-СЛАЙД. 1, 2. М.Әуезов «Көксерек»

### 3. «Партизан»

*Қ.Қайсенов ескерткішіне қатысушыларға арналған.*

- Соғыстан абыроймен оралған Қасым 1945 жылы Асылмен некелесті. Олар алпыс жылдан астам уақыт бірге өмір сүрді. Бірін-бір жақсы көрді, төрт баланы аяқтарынан тұрғызды. Арттарынан он екі немере, бес шөбере өсіп келеді. Асыл Қайсенова – шығыс сұлуының үлгісі еді. Олар керемет махаббат иелері болды.

**Жүргізуші:** Сіздер махаббат жайлы қандай аңыздар білесіздер?

14-СЛАЙД. 1) №3 Тапсырма: «Сыңарын тап!»

- Кестеде берілген сол жақтағы кейіпкерлермен оң жақтағы сәйкестендіру.

2) **Немесе:** конвертте ғашықтардың сыңарлары араласып кеткен. Соларды табу. (жүрек түрінде)

**Жүргізуші:**

- Олардың бір-біріне деген сезімдері туралы не айта аласыздар?
- Біздің қаламызда осындай ұлы сезімге арналған орын бар ма?

- Ендеше, біздің ерекше жол бағдарымыздың келесі аялдамасы – Ғашықтар аллеясы!

#### **15-СЛАЙД. 1) 4. «Ғашықтар мекені»**

**Жүргізуші: 2)** Біз «Ғашықтар аллеясына» кеп жеттік. Бұл жерде әр кім өзінің махаббат тарихын еске түсіре алатын жер.

Бізге ұсынылған аңызға айналған ғашықтар туралы кітаптарға сипаттама кітапхана қорының әр жақты, өте бай екенін көрсетеді.

#### **Әдеби анықтама (әдебиетке сипаттама):**

**1. Қозы Көрпеш – Баян сұлу** – Жыр Сарыбай мен Қарабайдың аң аулап жүріп құда болып, Қозы мен Баянды күні бұрын атастыруынан басталады. Сол кезде аң аулап жүріп, ұлды болғанын естіген Сарыбай, баласын көре алмай қаза табады. Атастырылып қойған Қозы мен Баян, жүздерін көрмегенімен бір-біріне ғашық болады. Уақыт өте келе сараң Қарабай қызын жетім ұлға бергісі келмей, бір кезде отарын жұттан құтқарған, жергілікті палуан Қодарға ұзатпақшы болады. Қос ғашықтың арасына тосқауыл болған Қодар, айласын асырып, зұлымдықпен Қозының басын алады. Қайғыдан қабырғасы қайысқан Баян, өш алу үшін қулыққа көшеді. Ол Қодарға өзіне құдықтан су алып берсе, күйеуге шығатынын айтады. Алданған Қодар Баянның шашынан ұстап, құдықтың түбіне түсе бергенде, айлакер қыз бұрымын кесіп тастайды: Қодар түпсіз тұңғиыққа құлап қаза табады. Сөйтіп Қозының кегі қайтарылады. Батыр қыз ғашығының күмбезіне келіп, өзіне қанжар салып қол жұмсайды

**2. Қыз Жібек.** Базарбай байдың Төлеген атты ұлы 14 жасқа толғанда өзіне жар іздеп, 210 сұлудың арасынан Сырлыбай ханның Жібек атты қызын ұнатады. Үш ай Сырлыбай ханның елінде болған Төлеген өз еліне бармақ болып сапарға шығады. Бірақ Жібекті қызғанып, жол тосқан Бекежан қапыда Төлегенді өлтіріп, қазасын Жібекке өзі келіп естіртеді. Сол үшін Бекежан өлім жазасына кесіледі. Жырдың 2-бөлімінде хабарсыз кеткен Төлегенді іздеп шыққан інісі Сансызбай қалмақ ханы Қоренді өлтіріп, Жағалбайлы елін жаудан азат еткендігі айтылады. "Қыз Жібек" жырының бірнеше нұсқасы бар. Бірде Төлегеннің Жібекке үйленуі әңгімеленсе, бірде Жібектің Сансызбаймен қосылғаны баяндалады.

**3. Ромео мен Джульетта.** Уыздай екі жас Ромео мен Джульетта бір-біріне өлердей ғашық. Олардың бұл сезімі ежелден

жау екі әулет Монтеки мен Капулеттилердің қарсылығына ұшырайды. Ал, қалайда үйленбек талпыныстары ақыры қайғы-қасіретпен аяқталады.

**4.Клеопатра мен Марк Антоний.** 40 жасар Марк Антоний 28 жасар жас патшайым Клеопатраны жақсы көріп қалады.10 жылдаң астам созылған махаббат хикаясының нәтижесінде Клеопатра б.з.д 40 жылы Антонийдан егіз туды: ұлдың атын Гелиос («Күн») деп қойып, қыздың атын Селена («Ай») деп қойды. Б.з.д. 36 ж. Антонийдан үшінші бала - Птолемей Филадельф атты ұл тапты. Б.з.д. 32 ж. Рим империясында азаматтық соғыс басталды. Б.з.д. 31 жылы Акциум түбінде Клеопатра мен Антонийдің әскері жеңіледі. Б.з.д. 30 ж. көктемде Октавиан армиясы Мысырға кіреді. Клеопатра өзінің серіктес әйелдерімен тығылып, өтіріктен у ішіп қайтыс болған туралы жалған хабар береді. Оны естіген Антоний өз өзіне пышақ салып қайтыс болады. Көп ұзамай Клеопатра да Октавианның алдында басын игісі келмей у ішіп өз өзін өлтіреді.

#### **16-СЛАЙД. 1) 5.«Соңғы»**

**Жүргізуші:** Міне сіздерге таңғажайып махаббат тарихы жайлы жан-жақты әр түрлі кітаптарды ұсына алатын **«Соңғы» аялдама 2) ОБЖК-на кеп жеттік.**

#### **Кітапхана тарихына қысқаша сипаттама.**

- ОБЖК өз жұмысын 1939 жылдан бастайды. Алдымен Өскемен қаласындағы А.С.Пушкин атындағы облыстық кітапханада оқырман балаларға қызмет көрсету бөлімі болып бөлінеді. Содан кейін жеке «№1 қалалық балалар кітапханасы» болып 1959 жылға дейін жұмысын жалғастырады.

- Кітапхана 1964 жылы балалар жазушысы А.П.Гайдардың 60 жылдық мерейтойына орай жазушының атын алды.

**Жүргізуші:** Минеки, біздің қызықты квестіміз аяғына жетті. Кездескенше күн жақсы!

#### **Ойындардың нәтижесі:**

1)Жастардың ортасында Кітапхана беделі арта түседі: квесттен балалар өте жақсы әсер алады.

Квест үшін мыналар қажет:

- 1) Карта-бағыт белгіленген бақылау аялдамалары;
- 2) Аялдамалар атына қатысты сұрақтар мен тапсырмалар;
- 3) Аялдамалардан өту уақытын белгілеу;
- 4) Берілген тапсырмалар арқылы қандай орын екен табу;
- 5) Балаларға ширату мақсатында берілген қосымша тапсырмалар.